

**"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 343 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 667 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30883 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 27 шілдедегі № 549 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 27.07.2023 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 343 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16997 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы";

бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі бекітілсін.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі аппаратының басшысына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесінде:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" "Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі "Б" корпусының, оның ведомстволары мен олардың аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Бағалауды өткізу үшін лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) "Б" корпусының қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындалады және мемлекеттік лауазымнан босатылады, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Персоналды басқару қызметі (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады..

Комиссияның құрамын уәкілетті тұлға айқындайды. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамды құрайды.";

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда жазылсын:

Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрлігінің, оның  
ведомстволары  
мен олардың аумақтық  
бөлімшелерінің "Б" корпусының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің  
қызметін бағалау әдістемесіне  
1-қосымша";

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда  
жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрлігінің, оның  
ведомстволары мен олардың  
аумақтық бөлімшелерінің  
"Б" корпусының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалау әдістемесіне  
2-қосымша";

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда  
жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрлігінің, оның  
ведомстволары мен олардың  
аумақтық бөлімшелерінің  
"Б" корпусының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің  
қызметін бағалау әдістемесіне  
3- қосымша";

4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда  
жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрлігінің, оның  
ведомстволары мен олардың  
аумақтық бөлімшелерінің  
"Б" корпусының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалау әдістемесіне  
4- қосымша";

5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні жаңа редакцияда  
жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Индустрия  
және инфрақұрылымдық даму  
министрлігінің, оның  
ведомстволары мен олардың  
аумақтық бөлімшелерінің  
"Б" корпусының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалау әдістемесіне  
1-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Кадр қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрінің міндетін атқарушы*

*А. Идырысов*